“ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ” МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26. Тел.: 8 (7282) 329263, Факс: 8 (7282) 329261, БСН 220740008203
E-mail: obltrudzhetysu@zhetysu.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ “УПРАВЛЕНИЕ КООРДИНАЦИИ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ”

040000, Область Жетісу, город Талдыкорган, улица Кабанбай батыра, 26. Тел.: 8 (7282) 329263, Факс: 8 (7282) 329261, БИН 220740008203
E-mail: obltrudzhetysu@zhetysu.gov.kz

_____№_____

_____

Аудан, қала жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Жетісу облысының жұмыспен камтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, жергілікті атқарушы органдар мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының негізінде (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысымен бекітілген, бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы әлеуметтік көмек төлемдерін жүзеге асыру туралы келесіні хабарлайды.

2022 жылғы қазаннан бастап 2024 жылғы мамырға дейін Еңбек министрлігі, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Мемлекеттік корпорация бірлесіп іске асырған пилоттық жоба шеңберінде Астана, Алматы қалаларында және Павлодар облысында әлеуметтік көмекті Мемлекеттік корпорация арқылы орталықтандырылған төлеу тетігі сынактан сәтті өткізілді.

Пилоттың нәтижесі бойынша «Е-Собес» ААЖ функционалы пысықталып, көмек көрсету негіздерінің бірыңғай тізбесі құрылды, сондай-ак Үлгілік қағидаларға өзгерістер енгізілді.

Оң нәтижелерді ескере отырып, бұл тәжірибені елдің барлық өңірлеріне тарату және функционалды жүргізуді іске косу жоспарланған болатын.

Бүгінгі таңда, берілген акпаратка сәйкес Мемлекеттік корпорация кызметтерді әрі карай кезең-кезеңімен кеңейте отырып, әлеуметтік көмектің 11 түрі бойынша төлемдерді жүзеге асыруға дайын.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып, модификацияланған функционал өнеркәсіптік ортаға 2025 жылғы 1 кыркүйектен бастап іске косылатынын хабарлаймыз.

Жергілікті атқарушы органдар аталған мерзімге дейін Мемлекеттік корпорация мен жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті ұйымдары арасында жасалатын қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуы қажет.

Шарттарды жасау барысында туындаған барлық сұрақтар бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиалына жүгінуді ұсынамыз (Сагинтаева Камила Олжабайқызы – жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызметтермен жұмыс істеу басқармасының басшысы, жұмыс тел.: 8 (7172) 552102, ішкі 10478; моб.тел.: 8 702 773 79 29; Юсупова Гульмира Болатовна, моб.тел.: 8 707 520 76 95).

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына мемлекеттік әлеуметтік көмек корпорациясы арқылы тағайындау және төлеу бөлігінде «Е-Собес» ААЖ-да қолданыстағы функционал бойынша қалалар мен аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің қызметкерлерін онлайн-оқытуды ұйымдастырады.

Қосымша – эл.түрде.

Басқарма басшысы **Е. Мизамбаев**

Орынд.: А.Муханова
Тел.: 32-92-33

11 видов социальной помощи

1. Праздничные и памятные даты Социальная помощь на 8 марта – Международный женский день;
2. Праздничные и памятные даты Социальная помощь на 1 мая – Праздник единства народа Казахстана;
3. Праздничные и памятные даты Социальная помощь на 7 мая – День защитника отечества;
4. Праздничные и памятные даты Социальная помощь на 9 мая – День победы;
5. Праздничные и памятные даты Социальная помощь на 31 мая – День памяти жертв политических репрессий;
6. Социальная помощь лицам, имеющим социально значимые заболевания в виде туберкулеза;
7. Социальная помощь родителям или законным представителям детей ВИЧ, состоящим на диспансерном учете или детям, страдающим заболеванием вируса иммунодефицита человека;
8. Социальная помощь лицам, имеющим социально значимые заболевания в виде болезни, вызванной вирусом иммунодефицита человека (ВИЧ);
9. Социальная помощь лицам, имеющим социально значимые заболевания в виде злокачественных новообразований;
10. Социальная помощь в связи с причинением ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие стихийного бедствия;
11. Возмещение затрат на дому на обучение детей с инвалидностью.